

I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының Алматы қаласында "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалу барысы туралы XXIV-сессиясы шешімінің, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының орындалу барысы және шағын бизнесті бұдан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі II сайланған VIII сессиясының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2001 жылғы 07 наурызда N 297 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 11 ақпандағы N 123 шешімімен

Шағын бизнес департаментінің директоры Е.Ө. Дүкенбаевтың "I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының Алматы қаласында "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалу барысы туралы XXIV-сессиясы шешімінің, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының орындалу барысы және шағын бизнесті бұдан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" баяндамасын тыңдап, талқылай келе, II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты айтарлықтай жұмыс жүргізілгендігін атап өтеді. Атап айтқанда, Алматы қалалық бизнес-инкубаторы құрылып, оның балансына алғашқы өнеркәсіп аймағын ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің айрықша мақсаттағы милиция отрядтары мен Ішкі әскерлері бұрынғы казармаларының жалпы алаңы 8000 ш.м. мүліктік кешені берілді. Қазіргі уақытта оның аумағында қызмет салалары әртүрлі 31 өндірістік кәсіпорын жұмыс істейді, 317 жұмыс орны құрылды.

Жалпы кәсіпкерліктің Алматы қаласында дамуы өзінің оң нәтижесін беруде. 2000 жылғы 1 желтоқсанның бойында 24252 заңды тұлға және 10323 жеке кәсіпкер жұмыс істейді. Шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыс істейтіндердің саны 199512 адамға жетті, бұл 1999 жылдың осы мерзімінде жұмыс қамтылғандар санынан 30,6 пайыз артық. Үстіміздегі жылдың басынан бастап шағын кәсіпкерлік нысандары бюджетке аударған төлемдер саны 20066,176 млн. т е ң ғ е н і к ұ р а й д ы .

Сонымен қатар, I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIV-сессиясының шешімімен қарастырылған шараларды толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермеген бірқатар факторларда кездеседі. Атап айтқанда,

шағын кәсіпкерлік даярлау мен дамытуға қала бюджетінен бөлінетін қаражат есебінен кадрларды даярлау мен қайта даярлау жөніндегі курстарды ұйымдастыру қаржыландырылған жоқ, "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде бос, пайдаланылмайтын ғимараттардың тізімі жарияланған жоқ, өндіріс саласында жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік нысандарымен 10 жыл мерзімге ғимараттарды ұзақ мерзімді жалға беру шарттары рәсімделген жоқ.

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Шағын бизнес департаментінің директоры Е.Ө.Дүкенбаевтың "I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының Алматы қаласында "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалу барысы туралы XXIV-сессиясы шешімінің, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының орындалу барысы және шағын бизнесті бұдан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" баяндамасы назарға алынсын.

2. 2001-2002 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасы бекітілсін, қоса беріліп отыр.

3. Алматы қаласының Әкіміне: "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды күшейту және дамытуды жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын орындау үшін:

- шағын бизнестің өнеркәсіп аймақтары мен шағын кәсіпкерліктің өзге де инфрақұрылымдық элементтерін дамыту, қаланың барлық аудандарында бизнес-инкубаторларды құру практикасын жалғастыру;

- қалалық Технопарк (Технополис) құру жолымен инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И.Шелипанов) жүктелсін.

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясының

төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының

2001 ж. 19 қаңтардағы

VIII-сессиясының шешіміне

қосымша

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қаласы
бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдау және
дамыту бағдарламасы

Алматы, 2001 жыл

Паспорты

Атауы

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасы.

Бағдарламаның негізгі әзірлеушісі

Алматы қаласының Шағын бизнес департаменті

Бағдарламаны орындаушылар

Қалалық қызметтер мен басқармалар, аудан әкімдері, қоғамдық бірлестіктер.

Бағдарламаның мақсаты

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын және Алматы қаласында оның тұрақты дамуына бағытталған шаралар жүйесін жетілдіру.

Бағдарламаның басым бағыттары

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасының негізіне шағын кәсіпкерлікті қолдаудың төмендегі басым бағыттары алынды:

- Орталық, сондай-ақ жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті қолдаудың заңдық және нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру

- Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту

- Істі жаңадан бастаған кәсіпкерлерді, халықтың тұрмысы нашар жіктерін, атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануды ниет еткен әйелдерді, жастарды, қолөнершілерді кешенді қолдаудың тегершігін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту Бағдарламасының негізгі бағыттарын ескере отыра Бағдарламаның мынадай міндеттері анықталды:

- Лицензиялар мен басқа да рұқсат ету құжаттарының рәсімделу, кәсіпкерлердің бақылау-тексеру органдарымен өзара байланыс, кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамсыздандыру жүйесі мен рәсімдерін жеңілдету;

- Кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануды ниет еткен кәсіпкерлер мен халықтың

тұрмысы нашар жіктерін қолдауға бағытталған арнайы шараларды әзірлеу және енгізу;

- Шағын кәсіпкерліктің жұмыс істеп жатқан инфрақұрылымдарын дамыту және жаңа инфрақұрылымдық элементтерді құру.

Бағдарламаның негізгі шаралары

Алматы қаласының даму ерекшеліктерін, тауарлар мен қызметтер нарығының қалыптасқан бағамын ескере отырып, төмендегі шаралар бойынша Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталған шараларды асыру қарастырылады:

I. Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-кредиттік және инвестициялық қолдау.

II. Шағын кәсіпорындарды өндірістік және инновациялық қолдау.

III. Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту.

IV. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіру.

V. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық және ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру.

Қаржыландыру көлемі мен көздері

2001-2002 жылдары жергілікті бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі шамамен 200 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2001 жылы - 53 млн.теңге, 2002 жылы 147 млн. теңге.

Екінші деңгейдегі банктердің шағын бизнес субъектілеріне беретін кредиттерінің талдамын ескере отыра, 2001 жылы Алматы қаласы бойынша екінші деңгейдегі банктерден шағын бизнес субъектілеріне берілетін кредиттердің жалпы көлемі шамамен 60000,0 млн. теңгені құрайды.

Сондай-ақ басқа көздерден, қосымша қаражат, оның ішінде отандық кәсіпкерлер мен шет инвесторларының бос қаражаттары тартылады.

Бағдарламаны іске асырудың күтілетін түпкілікті нәтижелері

- 2000 жылдың аяғында Алматы қаласында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын 50 мыңға дейін көбейту, оның ішінде заңды тұлғалар 30 мыңдай және жеке тұлғалар 20 мыңдай, жұмысқа тартылатын адамдар санын 250 мыңға дейін көбейту;

- Қалада жұмыссыздық деңгейін төмендету, халықты жұмыспен қамсыздандыру. Жаңа жұмыс орындарын ашу;

- Өндірістік және экономиканың басқа салаларында шағын кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы үшін барынша қолайлы жағдай есебінен оны тұрақты дамыту;

- Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ұйымдық-әдістемелік ақпараттық-талдау кеңестік, сақтандыру және өзге қызметтерді көрсету үшін осы кезеңде нарық инфрақұрылымдары объектілерінің жеткілікті дамыған желісіп жасау;

- Қаланың тауар нарығын жергілікті өндірістің бәсекеқабілетті өнімдерін және қызметтермен толтыру;
- Салық салатын база мен бюджеттің кіріс бөлігін көбейту.

Бағдарламаның негізгі қағидалары

1.1. Шағын кәсіпкерліктің ерекшелігі

Соңғы жылдары шағын бизнестің маңызды рөлін және оның қоғам мен экономиканың дамуына елеулі үлесін түсінушілік күшее түсті.

Шағын бизнестің артықшылығы оның мүмкіндігімен - жаңашылдығымен, икемділігімен, құруға кеткен аз шығынмен, жедел дамумен және тәуекелділіктің биік емес деңгейімен анықталады. Шағын бизнес жұмыспен қамтуда, жекелеген тауарлар өндірісінде, зерттеу және ғылыми-өндірістік әзірленімдерге белгілі рөл атқарады.

Ғылыми қуаттың басым бөлігінің ірі компанияларда шағын және орта фирмаларда өнімдердің кең шеңбері бойынша орналасқандығына қарамастан жаңа тауарлардың коммерцияландырылуы басталады.

Экономика дамыған елдерде ірі кәсіпорындар өздері үшін жекелеген бөлшектер мен тораптар шығаратын тар салалы ұсақ фирмаларды тартады. Монополиялар төңірегіне, әсіресе машина жасау, электрон өнеркәсібі салаларына әдетте бірнеше он мың ұсақ кәсіпорындар топталады, олар монополияның қаржылық және техникалық көмегін пайдаланады. Монополистік бірлестіктер қожайындар үшін осындай субмердігерлер ыңғайлы және тиімді: олар өз тауарларын жеткілікті төмен баға бойынша жеткізеді.

Шағын кәсіпорындардың маңыздылығы сонымен қатар, өмір сүру үшін қатаң бәсекелестік күрес жүргізе отыра, олардың тұрақты дамуға және нарықтың ағымдық жағдайларына бейімделуге қабілеттілігінде.

Сонымен қатар ұсақ кәсіпорындарда еңбектің өте жоғары тиімділігі байқалады, шағын фирмалар жергілікті көздерді (шикізатты) ұқсату негізінде тауарлар мен қызметтердің тапшы түрлеріне мұқтаждықты аз шығынмен қанағаттандырады және халықтың біраз бөлігін жұмыспен қамтиды. Олар муниципальдық бюджетке түсімдер көлемін көбейтеді, шаруашылық үшін маңызды, өзге де маңызды міндеттерді атқарады. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының экономикасында шағын бизнес кәсіпорындарының рөлін көтеру кездейсоқтық емес, керісінше, тарихтың барысында және өндірістік күштер мен технологияның даму процесінде туындаған қажетті заңдылық.

1.2. Қазіргі ахуалды талдау

Алматы қаласының еркін кәсіпкерлік қаласы болып жарияланғанына екі жыл болды. Қазірдің өзінде қала Әкімінің осы шешімінің дер кезінде қабылданғандығын нық сеніммен айтуға болады. Шағын бизнес дами бастады, істелінген істерге қосымша ретінде және кәсіпкерлердің қандай да бір еңбек объектілердің меншікке болуға ұмтылысын қолдау үшін "Алматы қаласының аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілері үшін пәтерлерді, тұрғын үй жер төлелері мен жапсырма ғимараттарды ыңғайластыру тәртібі туралы" шешім ә з і р л е н д і .

I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIV-сессиясында бекітілген өнеркәсіп аймақтарының Тұжырымдамасын іске асыру шегінде Алматы қаласының бизнес-инкубаторын құру туралы шешім қабылданды. Оған алғашқы өнеркәсіп аймағын ұйымдастыру үшін балансқа жалпы алаңы 800 ш.м. жуық Алматы қаласының ИБ мүліктік кешенінің 17 объектісі берілді.

Қазіргі уақытта оның аумағында жасалынған қолайлы жағдайдың арқасында қызмет салалары әртүрлі 31 кәсіпорынның өндірістік қызметі ұйымдастырылды, 3 1 7 ж ұ м ы с о р н ы а ш ы л д ы .

Қазір кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі объектілері үшін пәтерлерді қайта жабдықтау жолымен қала экономикасына кәсіпкерлердің жеке қаражаты ағынының көбейгендігін байқауға болады. Сонымен қатар, қаланың сәулет-құрылыс келбетін жақсарту және дүңгіршектер мен павильондар санын кезең бойынша қысқарту жөніндегі кешенді шараларды жүргізу үшін Алматы қаласы Әкімінің "Алматы қаласының көріктендірілуін және сәулеттік-көркемдік безендірілуін жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы" шешімі қабылданды . Қабылданған шешімнің арқасында қала ажарлана түсті. Бірінші қабаттарды көріктендіру оның келбетін өзгертіп, стихиялы базардан қазіргі мәдени ор т а л ы қ қ а а й н а л д ы р д ы .

1999 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, яғни шағын кәсіпкерлікті дамытудың Қалалық бағдарламасына қабылданған алғашқы кезеңде қалада 23144 шаруашылық субъектісі тіркелді, оның ішінде жұмыс істейтін заңды тұлғалар 16057, ал жеке кәсіпкерлік саласында қамтылған субъектілер саны 11715 болды. Осы кезеңде шағын бизнес саласына тартылған адамдардың саны 123993 адамды құрады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері 1998 жылы 107548,0 млн.теңге сомасына өнім өндіріп, қызмет көрсетті, бюджетке 4825,5 млн. теңге тө л е м е н г і з і л д і .

2000 жылы шағын бизнес субъектілері 118528,97 млн.теңге сомасына өнім өндіріп, қызмет көрсетті, көрсетілген мерзімнің бойында жүргізген төлемдерімен салыстырғанда бюджетке төлемдер 4,2 есеге артты (2001 ж. 1 қаңтарында 2 0 0 6 6 , 1 7 м л н . т е ण г е) .

Қалада 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 34883 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелді, олардың ішінде жұмыс істейтін заңды тұлғалардың саны 24252 (1998 жылдың аяғында жұмыс істеген заңды тұлғалар санынан 1,1 есе артық), ал жұмыс істейтін жеке тұлғалар 11798 болды.

1998 жылдың аяғындағы мәліметтермен салыстырғанда Алматы қаласы бойынша шағын бизнес шаруашылық субъектілерінің саны 1,5 есеге, ал жұмысқа тартылғандар саны 1,4 есеге артты.

Кәсіпкерліктің дамуын талдау оң өзгерістерге қарамастан, өнеркәсіп саласындағы жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілердің саны қарастырылған мерзімдегі өсуі - 1,3%, ауыл шаруашылығы - 3,3%, құрылыс - 1,5%, көлік пен байланыс - 1,6%, мейманхана мен мейрамхана - 1,4% және басқа қызмет түрлері 1,4% құрады, сауда саласымен және кәсіпкерлік қызметке тартылған кәсіпорындар үлесі қалада бұрынғысынша басым жағдайға ие. Бұл жағдайда сауда саласында жұмыс істейтін шағын бизнес субъектілерінің саны 1998 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 1,1% артты, шаруашылық субъектілердің жалпы санында сауда саласына сатылған ІШК шаруашылық субъектілерінің үлесі 2001 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 53%-ке тең.

Өндірістік ғимараттар мен материалдық ресурстарды алудағы қиындық шағын кәсіпорындарда олардың өндірістік саласындағы баяу өсуіне және негізінен сауда-саттық пен дәнекерлік қызметке бейімделуіне алып келген жағдайға жолықтырылды.

Жоғары салықтар, ғимараттар мен қондырғы үшін тоқтаусыз өсіп отырған жалдық төлем, қордағы тәуекел капиталының жоқтығы - осының бәрі тиімді қызметті жалғастыруды қиындатады және негізгі күш-жігерді өндірісті кеңейтуге емес, өмір сүру үшін күреске жұмсауға мәжбүр етеді.

Алайда, шағын кәсіпкерліктің жеткіліксіз және тұрақсыз дамуының басты себебі - бастапқы капиталды жинақтауға байланысты қиындықтар салдарынан шағын кәсіпорындардың көпшілігінің қаржылық қамсыздандырылу деңгейінің төмендігі, қолайлы жағдайларда кредиттер алу мүмкіндігінің жоқтығы, салық жүйесінің тиімсіздігі. Материалдық өндіріс саласында шағын бизнестің дамуына өндірістік инфрақұрылымның дамымағандығы, арнайы қондырғылардың жетіспеуі, ақпараттық базаның әлсіздігі жағымсыз ықпал етуде.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына жағымсыз әсер ететін факторларды жою көп жағдайда жергілікті жердегі атқарушы билік органдарының іс-әрекеттеріне байланысты. Сонымен қатар жақын мерзімдегі шағын бизнестің даму болашағын бағалау осы Бағдарламада жан-жақты көрсетілген кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді инфрақұрылымдық элементтерін қалыптастыру және инвестициялық кәсіпкерлік, ақпараттық және кеңестік қызмет, сондай-ақ кәсіпкерлік кадрларды даярлау мен қайта даярлауды осы салаға халықтың әлеуметтік белсенді жіктерін

тартуды қоса алғанда, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді мемлекеттік-қоғамдық жүйесін құру арқылы бюджет қаражатын пайдалану сияқты мемлекеттік қолдаудың арнайы шараларын қабылдау қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ сыртқыэкономикалық қызметті қолдау мен кәсіпкерлікті дамытуға шет ел инвестицияларын тартуды қамсыздандыратын шаралар анықталды.

Осы Бағдарламаны іске асыру үшін тек мемлекеттік бюджеттің қаражаты ғана емес, сондай-ақ жеке-отандық, ал қажетті жағдайда шет ел капиталы да тартылуға тиіс. Мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың негізгі бағыттары тікелей инвестицияларды бөлу емес, сақтандыру мен кредит үшін берілетін кепіл болуға тиіс.

Бағдарламаның негізгі шаралары

Шет ел тәжірибесінің зерттеуі көрсеткендей, шағын бизнесті дамытудағы табыстың сөзсіз шарты шағын кәсіпорындар мен шағын кәсіпкерліктің жан-жақты және тұрақты мемлекеттік қолдауға мұқтаждығы туралы қағида болып табылады. Ол әртүрлі нысанда, бірінші кезекте, өндірісті өнімдердің аса басым түрлерімен ынталандыру, салық жеңілдіктерін, жеңілдік-банктік несиенің демеу қаржысын беру, ақпараттық-кеңестік және ғылыми-техникалық орталықтарды құру, сақтандырудың жүйесін дамыту, материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыру жолымен іске асырылады. Осы Бағдарламада шағын кәсіпкерліктің дамуының осы кезеңінде маңызды рөл атқаратын төмендегі нақты кешенді шараларды іске асыру көзделіп отыр.

1. Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-кредиттік және инвестициялық қолдау

Қазіргі уақытта жеке заимдық қаражаттың жетіспеуі жаңа шағын кәсіпорындарды құру және жұмыс істеп жатқандарының қызметін дамыту үшін негізгі кедергілердің бірі болып табылады.

Бастапқы капиталдың жеткіліксіздігі, қаржы жинау мүмкіндігінің шектеулілігі қаржы кредит ресурстарын алуға қолайсыз жағдайлардың салдарынан шағын кәсіпорындардың жеке дамуға, жаңа тауар нарықтарын игеру мүмкіндіктеріне, нарықтық өндірісті жетілдіруге және өнімдер сапасын көтеруге ішкі ынтасы жоқ.

Осының барлығымен қатар, қазіргі шағын бизнесті банктік кредиттеу жоғары пайыздық ставкалар мен орта мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттер жүйесі мен сауда-саттық немесе таза сауда қызметінің өндірістік-технологиялық процесінен

ерекшеленетін айырмашылықтарды есептеудің жоқтығы себепті оның дамуына
ы қ п а л е т п е й д і .

Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруды арнайы банктік емес қаржы мекемесін құру және оған несиелік, лизингтік және операциялардың өзге жекелеген түрлерін жүргізу құқығын беретін ҚР Ұлттық банкісінің лицензиясын алып беру жолымен іске асу жоспарлануда, оның міндеттеріне мыналар кіретін болады:

- Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық, кеңестік және оқу-әдістемелік қызметтер көрсету;

- Шағын кәсіпкерлікті қолдау жобаларын іске асыру үшін заимдық қаражаттар мен инвестициялар тартуға қатысу;

- Шағын кәсіпкерлік мәселелері бойынша конференциялар мен съездер, оның ішінде халықаралық мәслихаттар өткізу;

- ҚР Ұлттық банкісінің лицензиясы болған жағдайда лизингтік операцияларды жаңадан бастаған кәсіпкерлерге шағын кредит беруді жүргізу;

- ШК қаржылық қолдаудың мемлекеттік және өзге бағдарламалар мен жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

Шағын кредит беру жүйесі ықтимал кепілдік пен кепіл беру, ортақ кредиттеуді ұйымдастыру арқылы жаңадан бастаушы кәсіпкерлер үшін барынша жеңіл жолға бағытталатын болады.

Сонымен қатар қаржы мен кредит саласында кәсіпкерлерді барынша табысты қолдау және шағын кәсіпкерліктің басым бағыттарын пәрменді дамытуға бағытталған аса қолайлы ахуалды жасау үшін қала бюджеті қаражатынан жеңілдік кредиттеудің қазіргі жүйесіне өзгеріс енгізу, жетілдіру жоспарлануда. Атап айтқанда, кредиттеу мерзімін, сомаларды арттыру, сыйақы ставкаларын төмендету, басым жобалардың тиісті тізбесіне толықтыру енгізу және Алматы қаласы Әкімінің тиісті шешімін қабылдау.

Қалалық Бағдарламаның осы бөлімін іске асыру нәтижесінде шағын бизнес саласында қаражатты жинақтау мен инвестициялау жағдайын айтарлықтай жеңілдету, жеке инвестицияларды жандандыру көзделіп отыр.

II. Шағын кәсіпорындарды өндірістік және инновациялық қолдау

Қазіргі кезеңде шағын бизнестің дамуы, бірінші кезекте шикізатты ұқсатуға және өнімдер мен тауарларды шығаруға "біріктірілген" шағын кәсіпорындар желісін қолдауға байланысты, бұл нарыққа тиісті технология мен технологиялық қондырғының болуын қажет етеді.

Сонымен қатар шағын кәсіпорындардың техникалық деңгейі жалпы орташа

деңгейде, ал олар жасаған көптеген жаңалықтар қолданылмайды және қажетті коммерциялық тұрғыдан іске аспайды.

Елдің өндірістік инновациялық қуатында шағын фирмалар үлесін нарықтық экономиканың тиісті дамуына дейін өсуін қамсыздандыру үшін (жұмыспен қамтылғандар санының жартысынан астамы) төмендегі бағыттар бойынша мемлекеттік ынталандыру саясатын жалғастыру қажет:

- Шағын кәсіпорындар өнімдеріне арналған нарықты онда мемлекеттік тапсырыс көлемінің 10% орналастыру жолымен нысаналы қалыптастыру;
- Шағын кәсіпорындарға өндірістік алаңдарды беру, жеңілдік- инвестициялық қолдау, инновациялық-бизнес орталықтарын, технопарктерді, технологиялық қолдау орталықтарын дамыту және т.б.;
- Лизингтік компаниялар желісін құру мен кеңейтуге жәрдемдесу;
- Отандық және импорттық қондырғылардың жеңілдік лизингі жолымен шағын кәсіпорындарды тиімділігі жоғары технологиялық қондырғылармен жабдықтауға көмектесу, игерілген және игеріліп жатқан машиналар мен қондырғылар тізбелерімен ақпараттық қамсыздандыру;
- Ғылыми мәнді технологиялар негізінде шағын кәсіпорындардың, өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеуі мен шығаруы бойынша нысаналы саясат жүргізу.

Құрылған технопарктер арқылы жаңа техника мен ғылыми мәнді технологияны құру мен енгізуге бағытталған инновациялық ұсыныстарды ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды сараптау мен іріктеуді, сондай-ақ осы ұсыныстарды бағалау тәуекелділігін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мен оның нәтижелерін өндіріске беруді ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, заңдық, қаржылық, маркетингтік шаруашылық және өзге қызметтерді көрсету, интеллектуалдық меншікті құқықтық және коммерциялық қорғауға жәрдемдесу үшін шағын инновациялық кәсіпорындарға өндірістік алаңдар мен қондырғыларды беру қажет.

Шағын бизнесті дамытуға сондай-ақ шағын кәсіпорындардың аса қуатты экономикалық құрылымдардың өндірістік желісіне тартылуы да септігін тигізеді, бұл жерде осы мәселені шешуде байланыстарды зерттеуде ерекше рөл атқарады. Осындай тартылудың әртүрлі ұйымдық нысандары: лизинг, қандай да бір қаржылық кепілдікпен жинақтаушы жеткізілімдер үшін ұзақ мерзімді кредиттер және т.б. Өнеркәсіпті ұйымдастырудың осындай нұсқасының артықшылығы шағын бизнес үшін өткізудің кепілді нарықтарын құру болып табылады.

Осы бөлімде қарастырылған шараларды іске асыру өндірістің техникалық деңгейі мен шағын кәсіпкерлік субъектілері өнімдерінің сапасын көтеруге нарықтық экономикадағы өндірістік қуатты дамытудағы олардың рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.

III. Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту

Осы кезеңнің негізгі міндеті - жинақталған тәжірибені қорытындылай, зерттей, аса тиімді кәсіпорындарды дамыта отыра шағын кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді жүйесін құруға жақындау. Бұл жағдайда шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі кез-келген шараның тиімділігі төмен болатындығын және қажетті және жеткілікті инфрақұрылымды жасап, дамытпай, сәтсіздікке ұшырайтындығы алдын ала белгілі болатындығын атап өткен жөн.

Бизнес-инкубаторлар мен өзге инновациялық құрылымдар желісінің кеңінен таралуы - осы кезеңдегі инфрақұрылымдарды құрудың және Қазақстанда шағын бизнесті жемісті дамытудың қажетті шарты. Технопарк және инкубациялық құрылымдарды құру идеясы бүкіл әлемде қолдау тауып отыр. Олардың ғылыми-техникалық процесті жеделдетудегі, өндіріс құрылымын жетілдірудегі, халықтың игілігі мен жұмысқа қамтылу деңгейін көтерудегі маңызды рөлі соңғы жылдары әлемдік практикада талай рет дәлелденді. Сондықтан да Қазақстанда кәсіпкерліктің тұсаулылығы мен инновациялық көтермелеудің құлдырауына орай технопарктер қызметін реттейтін заңдық актілерді әзірлеуге баса назар аудару қажет.

Осы Бағдарламада кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту басым сектор ретінде анықталды. Әртүрлі инфрақұрылымдық элементтерді қалыптастыруға ықпал ету мақсатында мыналар қарастырылды:

- Алматы қалалық бизнес инкубаторының шегінде құрылатын шағын бизнестің Өнеркәсіптік аймақтары мен Инкубаторлар желісін кеңейту;

- Операциялардың жекелеген түрлерімен шұғылданатын, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне практикалық және методикалық көмек көрсету, шағын кредит беретін және лизингтік қолдау көрсететін арнайы банктік емес қаржы мекемесін құруға жәрдемдесу;

- Бастаушы кәсіпкерлер үшін Оқыту-кеңес орталығы ретінде құрылған кәсіпкерлікті қолдау Орталығын одан әрі дамыту;

- Халықаралық ынтымақтастық және өзара көмек Орталығын құру;

- Волонтерлік үлгідегі клуб және жастардың тәжірибеден өту орталығы сияқты студент жастар Үйін құру;

- Жаңа технологиялар, өнімнің жаңа түрлеріне мұқтаждық мәселесі бойынша кәсіпкерлерді ақпаратпен қамсыздандыратын арнайы ақпараттық талдау, енгізу орталығы ретінде технологиялар трансферті Орталығын құру. Ол іс жүзінде нарықта бар бос немесе жаңадан ашылған "нүкте" және қандай да бір өнімге мұқтаж кәсіпорындар мен осы бұйымдарды шығаруға қабілетті кәсіпорындар арасындағы байланыстарды "ұйымдастырушы" болмақ. Сондай-ақ

технологиялар трансферт Орталығы жаңа технологияларды енгізуге және жаңа өндірістерді ұйымдастыруға, кәсіпкерлерді қажетті кеңестік қызметтермен қамсыздандыруға қатыстыратын болады;

- Ғылыми технологиялық паркті бастапқыда дамыған елдерде бар үздік технопарктер мен технополистер үлгісі бойынша құру жоспарлануда. Ғылыми-техникалық парк қоғамдық кәсіпкерлік бірлестіктермен және өздері құрған халықаралық ынтымақтастық және өзара көмек Орталығымен, Кәсіпкерлікті дамыту қорымен, технологиялар трансферт Орталығымен, студент жастар Үйімен, сондай-ақ Қазақстанның бизнес және инновациялар орталықтар Қауымдастығымен, Алматы қалалық бизнес-инкубаторымен қоян-қолтық жұмыс істейтін болады.

Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша ақпараттық орталықтарды, іскерлік оқу орталықтарын және т.б. қоса алғанда кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың әдістемесін әзірлеу қажет. Бұл тәжірибе барлық мүдделі ұйымдардың игілігіне айналмақ. Сонымен қатар, тек бюджет қаражаты ғана емес, мемлекеттік емес құрылымдардың қаражаты мен техникалық көмек бағдарламалары, кәсіпкерлердің жеке қаражаты тартылатын болады.

Инфрақұрылымдық элементтерді құру мен дамытудың негізгі идеясы - бұл өзін-өзі қаржыландыру негізінде оның бұдан әрі табысты дамуы үшін негіз қалау мақсатында жаңа кәсіпорын құруға көмектесу. Аймақтың экономикалық дамуына мынадай элементтері қомақты үлес енгізеді: біріншіден, жаңа жұмыс орнын жасайды, екіншіден, өнімдер өндірісі мен қызметтер көлемін арттыру есебінен, экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Осы екі факторды ескере отыра, экономикалық дамудың өзін жақсы қырынан көрсеткен құралым пайдаланылуы қажет. Оның нәтижесі шағын кәсіпкерлікті қолдаудың біраз саласын қамтитын инфрақұрылымдық кәсіпорындардың айтарлықтай тармақталған желісі болмақ.

IV. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіру

Қалалық Бағдарламаның осы бөлімі заңнамалық және нормативтік актілерде шағын кәсіпкерлік мүдделерін, "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заң ережелерінің дамуын көрсететін кәсіпкерлерді нормативтік-құқықтық қамсыздандыру жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған. Ірі кәсіпорындармен салыстырғанда экономикада қолайсыздау бәсекелестік жағдайды жою мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ерекшеліктерін көрсету, олардың әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарын дамуы мен туындауына көмектесу, жаңа кәсіпорындардың нарыққа шығуы үшін қолайлы құқықтық жағдай жасау және олардың қызметін дамыту меңзеліп отыр.

Қалалық Бағдарламаның өзге арнайы бөлімдерінде қарастырылған құқықтық шарттарды жетілдірумен қатар, тіркеу, лицензиялау, ірі кәсіпорындар мен қарым-қатынас сияқты мәселелерде шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың жалпы жағдайын жасауды қамтамасыз ететін шараларда іске асырылатын болады .

Жалпы алғанда шағын кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық жағдайын жетілдіру бағытындағы жұмыс заңнаманы тұрақтандыруға және кәсіпкерлік қызметті реттеуге бағытталған, бұл атқарушы биліктің шағын кәсіпкерлік субъектілерімен қарым-қатынасындағы жөнсіздігі мен қиянатын шектеуге мүмкіндік береді.

¶V. Шағын кәсіпкерлік кадрлық және ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру

Шағын кәсіпкерліктің маңызы, оның қала экономикасындағы рөлі мен әлеуметтік-экономикалық міндеті - нарықты күнделікті қажетті заттармен толтыру ғана емес, сондай-ақ халықты жұмыспен қамсыздандыруда.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызмет саласындағы кадрларды даярлауда бірқыдыру тәжірибе жинақталды. Кәсіпкерлік қызмет саласында халықты даярлау үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдық және интеллектуалдық қуатқа ие мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындары дамуда. Алайда білім беру қызметтеріне сұраныс бұрынғысынша қанағаттандырылмайды, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын адамдар бұрынғысынша құқықтық сауатсыздықтан айрылған жоқ .

Осы бөлімнің шаралары кәсіпкерлік қызмет саласындағы кадрларды, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікпен іс-әрекет жасайтын және оның дамуын басқаратын ұйымдарды даярлауды көздейді. Басты мақсат - кадрларды білікті даярлауды ұйымдастыру үшін оқу орындары мен ұйымдардың желісін нығайтуға және дамытуға арналған барлық қолда бар интеллектуалдық, материалдық, ұйымдық, қаржылық ресурстарды жұмылдыру.

Жұмыссыз халықты кәсіпкерлік қызметке тарту, нарық экономикасына кадрлар даярлауды қамсыздандыру үшін жағдай жасау мақсатында Бағдарламада мына бағыттағы шараларды іске асыру қарастырылды:

- Жұмыссыз халықты кәсіпкерлік қызмет әліппесіне оқытуды ұйымдастыру;
- Жұмыссыз азаматтар мен жаңадан бастаушы кәсіпкерлерді оқытатын білім құрылымдарының желісін дамыту;
- Жұмыссыз азаматтар, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданғысы келген тұлғалар, қоныстанушылар, әйелдер, қолөнершілер мен жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту .

Бастамашылдық сияқты адам табиғатының осындай ерекшелігі жастық шақта басталады және оны өз уақытында тани білу өте маңызды. Нақ осы бастамашыл жастар қатарынан болашақта іскер, жаңашылдық тұрғысынан ойлайтын бизнесмендер шығады. Осы мәселеге басты назар аудара отыра, қалалық Бағдарламаға волонтерлік үлгідегі клуб және студенттер мен жас мамандардың тәжірибеден өту, оқу және қала кәсіпорындарында жұмысқа орналастыру Орталығы сияқты "Студент жастар Үйін" құру енгізіліп отыр.

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту шаралары
I. Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-кредиттік және инвестициялық қолдау

N ! Шаралардың аталуы !Орындалу!Орындаушылар!Аяқталу!Қаржылан-!
Қ а р ж ы л а н -
! !мерзімі ! !түрі !дыру !дыру
! ! ! !көздері !сомасы

1. Банктік 2001 ж. Алматы Банктік
операциялардың 1 жарты- қалалық операция-
жекелеген түрімен жылдығы Шағын лардың
шұғылданатын, шағын бизнес жекелеген
кәсіпкерлік департаменті,түрлерін
субъектілеріне шағын Алматы жүргізуге
кредит беретін және қалалық құқық
лизингтік қолдау бизнес- беретін
көрсететін арнайы инкубатор ҚР Ұлттық
банктік емес қаржы банкісінің
мекемесін құруға лицензиясы
практикалық және мен Қордың
әдістемелік көмек мемлекеттік
көрсету тіркелуі
туралы
куәлік

2. Қайтарылатын Тұрақты Алматы Мақұлдан- Қала 180 млн.
негіздегі қалалық қалалық ған бюджеті теңге,
бюджет қаражатынан Шағын жобалар оның
жеңіл кредит үшін бизнес және ішінде
ұсынылатын тауарлар департаменті, кредиттенуі 2001 ж.

өндірісі мен	Аудан	- 53
қызметтер саласында	әкімдері	млн.
шағын кәсіпкерлік		теңге
субъектілерінің		2002 ж.
басым бағыттарын		-
іріктеу	95 млн.	
	теңге	

3. Кредит мерзімдерін 2001 ж. Шағын бизнес Алматы қаржыландыру 2 департаменті, қаласы сомасын көбейту тоқсаны ҚалҚБ Әкімінің бөлімінде қала шешімі бюджеті қаражатынан жеңілдік кредиттеудің қолданымдағы жүйесіне өзгеріс енгізу

4. Шет елдік Тұрақты Алматы қалалық Инвестиция инвесторлар мен Шағын бизнес тарту отандық департаменті, кәсіпкерлердің бос Аудан әкімдері, қаражатын олардың Алматы қалалық қала үшін басым бизнес-инкубатор инвестициялық жобаларды қаржыландыруға тартуына ықпал ету

5. Жаңадан бастаушы 2002 ж. Алматы қалалық Кредиттеу кәсіпкерлерді 2 Шағын бизнес механизмі қаржылық қолдау тоқсаны департаменті, тегершігін әзірлеу Аудан әкімдері

6. Шағын кәсіпкерлік 2002 ж. Алматы қалалық Лизинг субъектілерін 4 Шағын бизнес механизмі лизингтік қолдау тоқсаны департаменті, механизмін әзірлеу Алматы қалалық

бизнес-инкубатор,
Аудан әкімдері

7. Алматы қаласындағы 2001 ж. Алматы қалалық Мәліметтер екінші деңгейдегі 3 Шағын бизнес базасы жетекші банктердің тоқсаны департаменті қолданымдағы кредиттері бойынша мәліметтер базасын құру
8. Шағын кредиттеу Тұрақты Білім Бірлескен Жергілікті бағдарламасының департаменті, бұйрық бюджет, шегінде жастар Алматы қалалық инвестициялар кәсіпкерлігін Шағын бизнес дамытуға жәрдемдесу департаменті
9. Қайтарылатын 2001- Алматы қалалық Жеңілдік Қала негізде қала 2002 жж. Шағын бизнес кредиттеу бюджеті бюджеті қаражатынан департаменті жеңілдік кредиттеудің жалпы көлемінен әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін 20% квота қарастыру

II. Шағын кәсіпорындарды өндірістік және инновациялық қолдау

N ! Шаралардың аталуы !Орындалу!Орындаушылар!Аяқталу!Қаржылан-!
Қаржылан-
! !мерзімі ! !түрі !дыру !дыру
! ! ! ! !көздері !сомасы

1. Алматы қаласының 2001 ж. Алматы Алматы коммуналдық 1 тоқсаны қалалық қаласы меншігінің Коммуналдық Әкімінің пайдаланылмайтын меншікті шешімі

объектілерін шағын	басқару
кәсіпкерлік	департаменті,
субъектілеріне жалға	Алматы қалалық
немесе кейіннен	Шағын бизнес
меншікке тегін беру	департаменті
құқығымен сенімді	
басқаруға беру	
тәртібін әзірлеу және	
бекіту	

2. Ірі, орта шағын кәсіпорындары арасындағы орныққан байланыстарды қамсыздандыруға жәрдемдесу, қаланың орта және ірі кәсіпорындары үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) атаулы өндірісін ұйымдастыруы бойынша жұмыстар жүргізу

2002 ж. Алматы қалалық Тауарлар Шағын бизнес өндірісі департаменті, мен Аудан әкімдері, қызметтерге Алматы қалалық тапсырыстар бизнес-инкубатор орналастыру

3. Өнімнің басым түрлерін өндіру мен жеткізу үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында мемлекеттік тапсырысты орналастыруға ықпал ету

Тұрақты Алматы қалалық Мем. Шағын бизнес тапсырысты департаменті, орналастыру Аудан әкімдері, Алматы қаласы Әкімі аппаратының Экономика және нарықтық қатынастар бөлімі

4. Жаңа жұмыс Тұрақты Аудан әкімдері Жаңа Инвестор

орындарын қара
отыра, жұмыс
істейтін
кәсіпорындар
негізінде жаңа
өндірісті (немесе
саласын өзгерту)
ұйымдастыруға
жәрдемдесу

өндіріс қаражаты

5. Шағын Тұрақты Аудан әкімдері Мәлімет
кәсіпорындарға
қондырғыларды
пайдалану
мүмкіндігін бере
отыра, ірі жұмыс
істемейтін
кәсіпорындарды
ықшамдау мен
жаңалау жолымен
өндірістік
ғимараттарын
беруге жәрдемдесу

6. Шағын бизнес Тұрақты Алматы қалалық Мәлімет
саласында Коммуналдық
өндірістік меншікті басқару
қызметті ұйымдастыру департаменті,
үшін пайдалану Аудан әкімдері
мақсатында қала
кәсіпорындарында
пайдаланылмайтын
кәсіпорындарды
анықтау

7. Әйелдер мен жастар Тұрақты Алматы қалалық Өндірістік
кәсіпкерлігін Шағын бизнес ғимараттарды
дамыту үшін Алматы департаменті, бөлу
қалалық бизнес- Алматы қалалық

инкубаторының бизнес-инкубатор
аумағында бөлінетін
өндірістік алаңдардың
20% беру

8. Алматы қалалық 2001 ж. Алматы қалалық 3 жыл
Мәслихатына халық 2 тоқсаны Коммуналдық мерзімге
зергерлігімен, меншікті басқару жалдық
біліммен, департаменті, төлемнен
медицинамен және Алматы қалалық босату
дәрі-дәрмек Шағын бизнес туралы
өндірісімен департаменті ұсыныс
шұғылданатын
қолөнершілер мен
шаруашылық
субъектілерін
жалдық төлемнен
босату туралы
ұсыныс енгізу

9. Бос өндірістік 2001 ж. Алматы қалалық V тармақ
ғимараттарды Коммуналдық бойынша
жалға алу меншікті басқару жалға
тәртібінің департаменті, беру
рәсімдерін Алматы қалалық шарттары
жеңілдету жөніндегі Шағын бизнес туралы
ұсынысты әзірлеу департаменті ұсыныс

10. Шағын 2001 ж. Алматы қалалық Алматы
кәсіпкерлік 1 жарты- Шағын бизнес қаласы
субъектілерін жылдығы департаменті, Әкімінің
кредиттеу кезінде Алматы қалалық шешімі
кепілдік Коммуналдық
қамсыздандыру үшін меншікті басқару
Алматы қ. департаменті
Коммуналдық меншік
объектілерінен
кепіл қорын құру

11. Тұрғын үйлер 2001- Алматы қалалық Есеп
мен басқа 2002 жж. қызмет саласын
ғимараттардың талдау мен
бірінші қабатын бақылау
пайдалану есебінен басқармасы
шағын кәсіпкерлік
инфрақұрылымын
дамыту жөніндегі
жұмысты жалғастыру
12. Сауда, қоғамдық 2001 ж. Алматы қалалық Аукционға
тамақтандыру мен 2 жарты- Жер ресурстарын қатысу
тұрмыстық қызмет жылдығы басқару комитеті
объектілерін салу
үшін шағын бизнес
субъектілеріне бос
жер учаскесін беру
бойынша арнайы
аукцион өткізуді
ұйымдастыру
13. Ауыл шаруашылық 2002 ж. Алматы қалалық Алматы
өнімдерін шығаруды 2 жарты- Жер ресурстарын қаласы
ұйымдастыру үшін жылдығы басқару комитеті Әкімінің
шағын кәсіпкерлік шешімі
субъектілеріне
қосылған жердің
бір бөлігін беру
мәселесін пысықтау
14. 2001-2002 жж. 2001 ж. Алматы қалалық Алматы
жекешелендіру 2 жарты- Коммуналдық қаласы
Бағдарламасына жылдығы меншікті басқару Әкімінің
шағын кәсіпкерлік департаменті шешімі
объектілерін беру
мүмкіндігін қарастыру
15. Шағын 2001- Аудан әкімдері, Көрмелер-
кәсіпорындар 2002 жж. Алматы қалалық жәрмеңкелер

өнімдерінің	Шағын бизнес
тақырыптық көрме-	департаменті,
жәрмеңкесін	Кәсіпкерлер
ұйымдастыруға	қауымдастығы
жәрдемдесу	

III. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту

Н ! Шаралардың аталуы !Орындалу!Орындаушылар!Аяқталу!Қаржылан-!
Қаржылан-

!	!мерзімі !	!түрі !дыру	!дыру
!	! !	! !көздері	!сомасы

1. Әртүрлі мәселелерді Тоқсанына Алматы қалалық Кәсіпкерлер
шешу және жеткілікті 1 рет Шағын бизнес күні
қарым-қатынасқа қол департаменті,
жеткізу үшін Аудан әкімдері,
"Кәсіпкерлер күнін" қалалық
ұйымдастыру және бөлімшелер
өткізу

2. Қалада шағын Тоқсан Қалалық Семинарлар,
кәсіпкерлікті дамыту, сайын бөлімшелер, конференциялар
кәсіпкерлер мен Аудан әкімдері,
қоғамдық ұйымдарды Алматы қалалық
нұсқаулықтармен Шағын бизнес
және талаптармен департаменті
таныстыру бойынша
жасалған қадамдарды
көрсетуге арналған
семинарларды,
дөңгелек стөлдерді,
конференцияларды
ұйымдастыру мен
өткізу

3. Кәсіпкерлікті Тұрақты Алматы қалалық Ұсыныс
дамыту мәселесі Шағын бизнес пен
бойынша қалалық департаменті, даярлауға

комиссиялардың қалалық қатысу
жұмысына Шағын бөлімшелер
бизнес департаменті
өкілдерінің белсенді
қатысуын қамсыздандыру

4. Кәсіпкерлер мен Жылына Алматы қалалық Конференция
қоғамдық 1 рет Шағын бизнес
ұйымдардың департаменті,
қатысуымен қала аудан әкімдері,
Әкімінің қоғамдық ұйымдар
конференцияларын
ұйымдастыру мен
өткізу

5. Алматы қаласында 1 Алматы қалалық Алматы
кәсіпкерлікті реттен Шағын бизнес қаласы
дамыту мәселесі кем департаменті, Әкімінің
жөніндегі Қоғамдық- емес аудан әкімдері, шешімі
сараптау кеңесінің қалалық
мәжілісін өткізу бөлімшелер,
қоғамдық
ұйымдар

6. Алматы қалалық 2001- Алматы қалалық Шағын Қала 30 млн.
бизнес- 2002 жж.Шағын бизнес бизнестің бюджеті теңге,
инкубаторының департаменті, өнеркәсіптік оның
шегінде құрылатын Алматы қалалық аймағы ішінде
шағын бизнес-инкубатор, 2002 ж.-
кәсіпкерліктің Аудан әкімдері 30 млн.
өнеркәсіп теңге
аймақтары мен
кәсіпкерлік
Инкубаторлар
желісін кеңейту

7. Кәсіпкерлікті 2001- Алматы қалалық Оқу Қала 10 млн.
қолдау Орталығын 2002 жж. Шағын бизнес курстары бюджеті теңге,
дамытуға департаменті, оның

жәрдемдесу.	Алматы қалалық	ішінде
Жаңадан бастаушы	бизнес-инкубатор	2002 ж.-
кәсіпкерлер,	10 млн.	
халықтың тұрмысы	теңге	
нашар жіктері		
(табысы аздар,		
жастар, әйелдер		
және т.б.) үшін		
курстар		
ұйымдастыру		

8. Халықаралық 2001 ж. Алматы қалалық Орталықты Инвесторлар
ынтымақтастық 2 жарты- Шағын бизнес құру қаражаты
және өзара жылдығы департаменті,
көмек Орталығын Алматы қалалық
құру бизнес-инкубатор

9. Арнайы 2002 ж. Алматы қалалық Технологиялық Инвесторлар
ақпараттық Шағын бизнес трансферт қаражаты
талдау және департаменті, орталығы
енгізу Орталығы Алматы қалалық
ретінде бизнес-инкубатор
технологиялық
трансферттер
Орталығын құруға
жәрдемдесу

10. Ғылыми- 2001- Алматы қалалық Технопарк Қалалық 2002 ж.-
технологиялық 2002 жж. Шағын бизнес тұжырымдамасы бюджет 12 млн.
парктері департаменті, (технополис), теңге
(технополисті) Алматы қалалық орналасатын
құру мәселесін бизнес-инкубатор орынды анықтау
пысықтау
I кезең. ҒТП 2001 ж.
тұжырымдамасын 1 жарты-
әзірлеу және жылдығы
бекіту.
Технопаркті құру
үшін қажетті

базаны зерттеу
мен таңдау
жөніндегі
жұмыстарды
жүргізу.

II кезең. 2002 ж.
Жобалық- соңына
сметалық дейін
құжаттаманы,
бизнес-жоспарды

Бизнес-
жоспар,
Жобалық-
сметалық
құжаттар

даярлау.

Қаржыландыру
көзін анықтау.

Технопарк
(технополис)

аумағында
орналастыру үшін
басым жобаларды
іріктеу

11. Қала 2001 ж. Алматы қалалық Студент
кәсіпорындарында 1 жарты- Шағын бизнес жастар
жастарды оқытуды, жылдығы департаменті, Үйі
дағдылануға Алматы қалалық
жәрдемдесуді, бизнес-инкубатор
тәжірибеден
өтуі мен жұмысқа
орналастыруды
ұйымдастыру
мақсатында
Студент жастар
үйін ашуға
жәрдемдесу

12. Жастар бизнесін ай Алматы қалалық Табиғи
дамыту сайын Шағын бизнес монополияларды
мониторингін департаменті, реттеу,
жүргізу. қалалық бәсекелестікті
Қаланың бөлімшелер, қорғау және

экономикалық аудан шағын бизнесті
жағдайына ықпал әкімдері қолдар жөніндегі
ету, жұмыспен Агенттіктегі
қамту және т.б.; ақпарат
сондай-ақ шағын
кәсіпкерлікті
дамыту мен
мемлекеттік
қолдаудың
қалалық және
аудандық
бағдарламалардың
іске асуын талдау

IV. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіру

N ! Шаралардың аталуы !Орындалу!Орындаушылар!Аяқталу!Қаржылан-!
Қаржылан-

! !мерзімі ! !түрі !дыру !дыру
! ! ! ! !көздері !сомасы

1. Кәсіпкерлік қызметке Тұрақты Алматы қалалық Ұсыныс
қатысты ҚР Шағын бизнес
заңнамасының бөлімдеріне департаменті,
өзгеріс енгізу жобасын қоғамдық ұйымдар
даярлау
2. "Шағын кәсіпкерлік 2001 ж. Алматы қалалық Заң
инфрақұрылымын 1 жарты- Шағын бизнес жобасы
мемлекеттік қолдау жылдығы департаменті,
туралы" ҚР заңының Алматы қалалық
жобасын әзірлеу бизнес-инкубатор
3. Шағын кәсіпкерлік Қажетті- Алматы қалалық Ұсыныс
мәселесі бойынша лікке Шағын бизнес
ҚР Үкіметі байланы- департаменті
жанындағы Комиссияға сты
ұсыныс әзірлеу және Тұрақты

енгізу

4. Шағын бизнесті Қажетті- Алматы қалалық Шешім дамыту мәселелері лікке Шағын бизнес жобасы, бойынша Алматы байла- департаменті, ережелер, қаласы Әкімі нысты қоғамдық- ұсыныстар шешімдерінің, Тұрақты сараптау кеңесі, ережелерінің, қоғамдық ұсыныстарының ұйымдар жобаларын даярлау
5. Алматы қалалық Қажетті- Алматы қалалық Ұсыныс Мәслихатының лікке Шағын бизнес қарауына шағын байла- департаменті, кәсіпкерлікті нысты Қоғамдық- дамыту жөнінде Тұрақты сараптау кеңесі ұсыныс даярлау
6. Кәсіпкерлікті Тұрақты Алматы қалалық Кеңестер, құқықтық қолдау Шағын бизнес ақпарат, және құқықтарын департаменті, анықтамалық- қорғау бойынша қалалық әдістемелік насихаттық, түсінік бөлімшелер, құралдар жұмыстарын жүргізу Аудан әкімдері
7. Коммуналдық 2001 ж. Табиғи монопо- Өзгеріс қызметтер тарифін І жарты- лияларды енгізу бекіту кезінде жылдығы реттеу, туралы коммуналдық бәсекелес. бұйрық қызметтер (жылу, тікті қорғау су, э/энергия) және шағын тұтынушылардың бизнесті қолдау жекелеген (арнайы) жөніндегі санатына шағын Агенттік кәсіпкерлік субъектілерін жатқызу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу

8. Қосылған 2001 ж. Табиғи монопо- Бұйрық
қуаттылық үшін І жарты- лияларды
шағын кәсіпкерлік жылдығы реттеу,
субъектілерінің бәсекелес-
төлемін жою тікті қорғау
туралы ұсыныс және шағын
әзірлеу бизнесті қолдау
жөніндегі
Агенттік

9. Алматы қаласы 2002 ж. Табиғи монопо- Ереже
шағын кәсіпкерлік лияларды
кәсіпорындары реттеу,
субъектілерінен - бәсекелес-
табиғи тікті қорғау
монополистерден және шағын
сатып алу үшін бизнесті қолдау
тендер өткізу жөніндегі
туралы Ережені Агенттік
әзірлеу

10. Шағын кәсіпкерлік Тұрақты ҚалСЭБ ҚалСЭБ
субъектілерінің бұйрығы
қалпына келтіру,
құрылыс жобаларын
орналастыру мен
іске асыруды,
сараптауды келісу
кезінде оңтайлы
жағдай жасау

11. Барлық 2001 ж. ҚалСЭБ Тексеру
құрылымдық жүргізу
бөлімшелердің кестесі
жұмысында
кешенділік есебінен
шағын кәсіпкерлік
субъектілері

объектілері
тексерісінің
санын азайту

12. Шағын кәсіпкерлік Тұрақты Қалалық Өтініш
субъектілерінің бөлімшелер, иелеріне
шағымдар мен Аудан әкімдері, жауап
өтініштердің Алматы қалалық
Қазақстан Шағын бизнес
Республикасының департаменті
заңнамасында
белгіленген
мерзімде қарауына
тұрақты бақылау
жасау

13. Көзбояушылықпен ай сайын ҚІБ, Қала Шағын
шұғылданатын және прокуратурасы, бизнес
кәсіпкерлерге Аудан әкімдері бойынша
қатысты өзге қалалық
қылмыстық іс- алқадағы
әрекеттерді жасайтын баяндама
қылмыс топтарын
анықтау бойынша
арнайы жедел
сақтандыру шараларын
жүргізу

V. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік
және ақпараттық қамсыздандыру

N ! Шаралардың аталуы !Орындалу!Орындаушылар!Аяқталу!Қаржылан-!
Қаржылан-
! !мерзімі ! !түрі !дыру !дыру
! ! ! !көздері !сомасы

1. Жұмыссыз азаматтарды 2001 ж. Білім Алматы
даярлау мен қайта департаменті, қаласы
даярлауды жүргізетін Еңбек, Әкімінің

білім объектілеріне жұмыспен шешімі
материалдық-техникалық, қамту, халықты
оқу-әдістемелік әлеуметтік
базаларына тексеріс қорғау
жүргізу мақсатында департаменті,
сараптау комиссиясын Алматы қалалық
құру Шағын бизнес
департаменті

2. Жұмыстар санатындағы 2001- Еңбек, жұмыспен Мәлімет
адамдарды кәсіпкерлік 2002 қамту, халықты
қызмет әліппесіне жж. әлеуметтік
үйрету қорғау департаменті,
Аудан әкімдері

3. Сауда қоғамдық Тұрақты Алматы қалалық Кеңестер,
тамақтандыру, Шағын бизнес анықтамалық-
тұрмыстық қызмет департаменті, әдістемелік
жүргізу тәртіптері, Еңбек, жұмыспен құралдар,
санитарлық-гигиеналық қамту, халықты кітапшалар,
нормалар мәселелері әлеуметтік стендтер
бойынша кәсіпкерлікпен қорғау
шұғылданғысы департаменті,
келетіндерге ҚалСЭБ, Алматы
ақпараттық-түсінік қалалық қызметтер
және әдістемелік көрсету мен жұмысын
көмек көрсету үйлестіру басқармасы,
Алматы қалалық Салық
комитеті, Аудан
әкімдері

4. Кәсіпкерлер үшін тоқсан Аудан әкімдері, Семинарлар
салық салу бойынша сайын Алматы қалалық
оқыту семинарларын Салық комитеті
өткізу

5. Кәсіпкерлікпен Тұрақты Алматы қалалық Оқыту
шұғылданғысы Шағын бизнес
келетін әйелдер департаменті,

мен жастарды Алматы қалалық
оқытуға Алматы бизнес-инкубатор
қалалық Шағын
бизнес департаменті
бизнес-инкубатордың
желісі бойынша оқудан
өтетін адамдар
жалпы санынан 20%
резерв қарастыру

6. INTERNET желісінде 2001 ж. Алматы қалалық Мәліметтерді
шағын бизнесті 2 жарты- Шағын бизнес тарату
дамытудың оң жылдығы департаменті,
тәжірибесін тарату Алматы қалалық
бойынша WEB беттерді бизнес-инкубатор
ашуға жәрдемдесу

7. Қалада шағын Тұрақты Алматы қалалық Жарияланымдар
бизнесті дамытуға Шағын бизнес
бағытталған барлық департаменті,
шешімдерді, Алматы қалалық
ережелерді және "Новости и права"
т.б. бұқаралық заң журналы
ақпарат құралдарында
жариялауды
қамсыздандыру

8. Санитарлық-гигиеналық тоқсан ҚалСЭБ Семинарлар
заңнама, нормативтік сайын циклі
техникалық құжаттар
білімдер мен
сауаттылықты көтеру
мақсатында әртүрлі
қызмет салалары
басшылары үшін
семинарлар циклін

ө т к і з у

ІІ - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң

VIII сессиясының төрағасы

ІІ - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК